

# Шымбұлақ-тау шаңғы курорты



- «Шымбұлақ» – Алматының маңында, Іле Алатауының жанында әйгілі «Медеу» биік таулық мұз айдынынан кішкене ғана биік орналасқан, баршаға мәлім Қазақстандағы таушаңғылы курорт. Шымбұлақ шыңының негізгі биіктігі – 2260 метр. Адамдар Алматыға әртүрлі мақсаттармен келеді. Біреу демалуды, біреу оқуды және бірі жұмыс істеуді көздейді.
- Ондағы орташа температура жазда +18°C, қыста – 9°C. Жылдың 300 тәулігі бойында бұл жерде күн жарқырап тұрады және бұл тұстағы қар да айрықша – құрғақ әрі жеңіл, сондықтан бұл жайлы және жылдам сырғанауға кепілдік береді. Бұл жағдай сырғанау маусымы болып табылатын 7 ай бойы сақталады.
- Шымбұлақтың бәрінен де қысы қызық. Желтоқсан-сәуір айлары аралығында аймақты қар басып жатады. Бұл мекенде еш жерде қайталанбайтын атмосфера, ерекше рухани күш жайлаған. Оны өзіңіз барғанда ғана сезіне аласыз. Мұнда демалыстың басқа түрлерінен гөрі, айдындай тайғанақ мұз жолдарын қалайтын шаңғышылар, басыңызды айналдырып таңғалдыратын, экстремалды секіретін және қилы бұрылыстар жасап түсетін батыл сноубордшылар, алаңсыз демалысты сүйетін туристер, қала қонақтары, жергілікті тұрғындар келеді.

- Курортқа балаларын алып келетін туристерге ыңғайлы болу үшін, «бэби-лифт» көтергіші бар балалар алаңы құрылған. Курортта қонақ-үй, мейрамхана, боулинг және сауна моншасы бар.
- Курорттың ерекшеліктерінің бірі деп Медеу-Шымбұлақ аспалы жолын атауға болады. Ол ұзындығы жағынан дүниежүзі бойынша 3-орында. Алты адамдық 114 кабина екі мыңнан астам жолаушыны 15 минутта жеткізеді. Қауіпсіздік деңгейі бойынша да бұл аспалы жол бірегей болып табылады. Өйткені ол халықаралық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жасалған. Сонымен қатар, Алматыдағы курорттың тау шаңғы баурайлары шаңғы спорт түрлерінің халықаралық федерациясының сертификатын алған. Демек жоғарғы деңгейлі жарыстар өткізуге өте қолайлы. Шымбұлақ

# Аспалы жол

